

«Кенжалин оқулары» жалғасын тапты

8 желтоқсан күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасы «Қазақ газеттері» ЖШС-мен бірлесіп Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Қазақстан қоғамындағы ақпараттық үдерістер: тәуелсіздік тынысы» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция өткізді.

Конференция отандық БАҚ менеджменті теориясының негізін қалаған белгілі ғалым, жазушы-публицист, саяси ғылымдар кандидаты, ұлағатты ұстаз Жұмабек Омарұлы Кенжалинді еске алуға арналған ІІ-ші Кенжалин оқулары аясында биыл да өз жалғасын тапты. Аталмыш шара онлайн және оффлайн форматта ұйымдастырылып, үлкен аудиторияны қамтыды.

Журналистика факультетінің деканы, ф.ғ.к., доцент Сансызбай Мәдиев кіріспе сөзінде: «Қалам қайраткері бұқаралық ақпарат құралдарының жас ұрпақты адамгершілікке, имандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеудегі, елдің бірлігі мен тыныштығын нығайтудағы мән-маңызын жете бағалады. Ұлттық баспасөздің түйінді мәселелері сөз етілетін «Қалам қанаты», «Елжандылық мұраты және баспасөз беделі» атты публицистикалық кітаптарында журналистиканың көкейтесті мәселелерін қозғап, өз пайымы мен түйгенін терең оймен, зерделі сөзбен, шешен тілмен жеткізе білді. Шығармашылық табыстары үшін Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері, Қазақстан Журналистер Академиясының толық мүшесі – академикі атанды. Тіл мен діл мәселеріне қатысты проблемалық мақалаларымен танылған Жұмабек Кенжалин Қазақстан Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия мүшесі болып сайланды», - деп атап өтіп, білікті басшы, көрнекті ғалым, ұлағаты ұстаздың шығармашылық және қызметтік жолына жан-жақты тоқталып, тұшымды баяндама жасады. Сөз соңында ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Берік Әбдіғаниұлының конференция жұмысына табыс тілеген құттықтау телеграммасын оқып берді.

Алқалы жиында сөз алған Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі Мамай Ахет, «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналының бас редакторы Дәуіржан Төлебаев, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті журналистика кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Мәншүк Мұқашева, тех.ғ.д., профессор Бақдәулет Құмар, Қазақстан жолы ғылыми-зерттеу институтының департамент директоры, тех.ғ.к. Есенбек Айдарбеков, жазушы, курстасы Сәбит Дүйсенбеков, ф.ғ.к., доцент Орынтай Ошанова, т.б. әріптес достары, үзегілері, шәкіртері практик-ғалым, баспасөз меджерінің өнегелі жолының сыр шертіп, жылы естеліктерімен бөлісті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тарихи атаулар мен жер-су аттарының қайтарылуы ұлттық санымыздың жаңыруында

шешуші күшке ие болды. Республикалық Ономастикалық комитеттің мүшесі ретінде Ж.Кенжалиннің ерекше жігер мен мінез танытқаны айтылды.

Қазақстанның әлемдік дидарын, жағымды бейнесін қалаптастыру шетелде тілшілер қосынын ұстап, ақпаратты бірінші дереккөзден алуға мүмкіндік тудырудан басталады. «Қазақ газеттері» ЖШС-нің Бас директоры – Редакторлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарған Ж.Кенжалин 2012-2017 жылдары Еуропалық одақта тілшілік қосынын ұстаған бірден-бір БАҚ басшысы болды. Бұл дерек-айғаққа шараны ұйымдастырушылардың бірі, ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының меңерушісі, ф.ғ.д., профессор Назгүл Шыңғысова ерекше тоқталып, бүгінгі буынға үлгі етті.

Конференцияның секиялық мәжілісі «Белгілі ғалым, қаламгер Жұмабек Кенжалиннің қоғаммен байланыс пен журналистиканың өзекті мәселелері жөніндегі ғылыми еңбектері және публицистикалық туындылары», «Ақпараттық менеджмент пен маркетингтің тәуелсіздік кезеңінде қалыптасып, дамуы» және «COVID-19 пандемиясы кезіндегі журналистік және PR білім беру: қашықтан оқыту тәуекелдері» деген үш тақырыпқа бөлініп, өз жұмысын жалғастырды.

Конференция жұмысына Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті билік өкілдері, БАҚ басшылары мен тілшілері, ЖОО оқытушылары, жас зерттеушілер мен студенттер қатысып, ғылыми басқосу барысында белгілі журналистер мен PR мамандары шеберлік сыныптарын өткізді.

Жиын соңында Ж.Кенжалиннің ұлы, Sporthress.kz ақпараттық-сараптамалық спорт сайтының бас редакторы Дастан Кенжалин отбасы мүшелері мен туған-туыстарының атынан алғыс білдіріп, «Кенжалин оқуларының» жалғасын таба беретініне сенімді екенін жеткізді. Журналистика факултетінде заманауи үлгіде жарақталған «Кенжалин аудиториясының» білікті мамандар даярлау ісіне өз үлесін қосып жатқанын айтып, қолдау білдірген ұжым басшылығына ризашылығын білдірді.

**Бекжан Әшірбаев,
ҚР Ақпарат саласының үздігі**

10.Қазақ әдебиеті №50 10.12.21 Б.Әшірбаев.
«Кенжалин оқулары» жалғасын тапты
<https://www.kaznu.kz/kz/3415/news/one/27230/>